


**100 ЕГДЕН QАЗАҚСТАН**

## Ақынға арналған күн

«Поэзия падишасы» атанған Фариза ақын көзі тірісінде-ақ аңызға айналған тұлға еді. Өр мінезімен, лаулаған өрттей сұрапыл жырларымен, қайраткерлігімен, үлкен-кішіге бірдей қамқорлығымен халықтың жүргегінен орын алған ақынның көзден кетсе де, көңілден кетпей, жылдан-жылға жас үрпақ санасында жаттала беруі – заңды құбылыс. Фариза ақынның биылғы сексенжылдық мерейтойы да жер-жерде лайықты түрде аталып өтуде.



Күні кеше ел астанасы – Нұр-Сұлтан қаласында қалалық әкімдіктің қолдауымен, соңынан ерген үлкен-кіші зиялды замандастарының алқауымен бір күннің ішінде бірнеше шара өтті. Соның бірі – Нұр-Сұлтан қаласындағы ЭКСПО қалашығының маңындағы үлкен көшелердің біріне Фариза Оңғарсынованың атының берілуі. Айтулы шараға қалалық әкімшілік пен атыраулық бір топ қонақ, елордалық зиялды қауым өкілдері қатысты. Ақын есімін иеленген көшениң лентасын Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен мен ақынның ұлы Алмас Оңғарсынов қиды. «Ақынның жанында бірге жүрген әріптестері, қоғам қайраткерлері бәрі бірлесіп өз ұсыныстарын айтты. Көше атауын 80 жылдық мерейтойына қатысты беріп отырмыз», деген қала әкімінің орынбасары Фариза Оңғарсынованың көзі тірісінде ақындығымен, қайраткерлігімен танылдып, көп істерге ұйытқы болғанын мәлімдеді.

Фариза Оңғарсынова атындағы көше ресми түрде ашылған соң Атыраудан келген қонақтар мен елордалық зиялды қауым Ұлттық пантеонға барып, ақынның бейітіне гүл шоқтарын қойды, басына Құран бағыштады. Ал тұс кезінде Radisson Hotel Astana қонақүйінде ақынға арнап ас берілді. Асты «Egemen Qazaqstan» газетінің басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі жүргізді.

Түстен кейін Ұлттық академиялық кітапханада Фариза Онғарсынованың «Шілде» («Полдневный жар») атты қазақ және орыс тіліндегі кітабының таныстырылымы өтті. Аталған кітап Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің арнайы бағдарламасы бойынша жарық көрген. Кеш барысында кітапты орыс тіліне ақын, әдебиеттанушы, аудармашы Татьяна Фроловскаяның тәржімаланағаны белгілі болды. Бұл туралы кітапханадағы кешке арнайы қонақ ретінде қатысқан, кітаптың жарыққа шығуына тікелей атсалысқан Әділ Қойтанов әңгімеледі.

Әсерлі кеште ақынның замандастары мен іні-бауырлары естеліктер айтты. Соның ішінде филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбековтің, жазушы-драматург Ермек Аманшаевтың, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Тыныштықбек Әбдікәкімұлының, экономика ғылымдарының докторы Равиль Шырдабаевтың, танымал публицист, сценарийст Ғаділбек Шалахметовтің Фариза ақын жайлы тұшымды естеліктері оны әр қырынан тануға мүмкіндік берді, аяулы жан жөнінде кешке қатысқан жаңа буын жастардың пікір қалыптастыруына толығымен жетті. Бұл естеліктер ең алдымен ақынның азаматтық ұстанымы, адамдық келбеті мен қалам қуаты жөнінде өрбіді. «Мені «ага» дейтін. Сый-лап тұратын. Көңілі түскен кісіні көлдей пейілімен баурап алатын. Оның сонынан ерген сіңлілеріне деген жанашырлығы ерек болды. 2008 жылы «Фариза және оның ақын сіңлілері» деген кеш өтті. Бұл кеш алдымен сол кездегі Президенттік Мәдениет орталығында, сонынан Конгресс-холл сарайында ұйымдастырылды. Халықтың ақынға деген ерекше ықыласын сонда көрдім», деді Мырзатай Жолдасбеков. Экономика ғылымдарының докторы Равиль Шырдабаев қоғамның Фаризаны көбінде ақын ретінде ғана танитынын, әйтсе де ақынның журналистика, соның ішінде публицистика саласындағы еңбегі де жоғары екеніне тоқталды. Жазушы-драматург Ермек Аманшаев ақынның «Шабыт» фестивалінің қазылар алқасында көп жылдар бойы тұрақты түрде төрайым болғанын, дарынды жастарға ерекше қамқорлық көрсеткенін бірнеше мысалмен атап өтті. Кең пейілді ақынның атқаруши билік тұтқасында отырған азаматтарға сөзін өткізе алатын өткір болғанын да жеткізді.

Кеш барысында елордалық жастар ақын жырларын жатқа оқыды. Олар өлеңдерді жатқа оқумен қатар арасында гитарамен, жанды дауыста дуэт болып ән шырқап, көрермендерге кішігірім театрландырылған көрініс ұсынды.

Фариза ақынға арналған сол күнгі кеш Жастар театрында қойылған «Фариза» спектаклімен қорытындыланды. Бұған дейін Мәскеу, Алматы театрларында қойылған «Фариза» спектаклінің елордадағы премьерасына әдеттегідей халық көп жиналды.

**Айгүл СЕЙЛОВА**